

«Әлеуметтік-экономикалық даму және
2023 жылғы қаңтар-ақпандағы республикалық
бюджетті орындау қорытындылары туралы»
ҚР Үкіметі отырысындағы
ҚРҰБ Төрағасы *Ғ. Пірматовтың* баяндамасы
Астана қ., 2023 жыл, 14 наурыз

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Құрметті әріптестер!

2023 жылдың ақпан айында әлемдік нарықтарда оң үрдістер сақталды. Оған COVID-19 шектеулері алынғаннан кейін Қытай экономикасының қалпына келуі мен жаһандық тауар жеткізу тізбектерінің жақсаруы әсер етті.

2-СЛАЙД. ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ПЕН БИЗНЕС ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖАҚСАРУДА

Соңғы **7** айда алғаш рет **іскерлік белсенділіктің жаһандық композиттік индексі** (global PMI) оң аймаққа өтіп, осы ақпан айында **52,1-ге** дейін өсті. Респонденттер **Қытай** экономикасының ашылуына байланысты **сұраныстың** артқанын, **рецессиялық** тәуекелдердің төмендегенін және **логистикалық** маршруттардың жақсаруына байланысты **баға қысымының** әлсірегенін атап өтті.

Ақпан айында **Қазақстандағы** іскерлік белсенділік индикаторы **50-ді** көрсетті. Бұл оң өзгерістердің де, теріс өзгерістердің де болмағанын көрсетеді. **49,1-ден 51,6-ға** дейін көтерілген құрылыс саласында іскерлік белсенділіктің **жақсарғаны** байқалды. Қызмет көрсету секторында индекстің төмендеуіне қарамастан, индекс **50,6-ны құрап**, оң аймақта қала берді.

Бизнес-климат индексі біршама **жақсарды**. Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, бизнес жүргізудің қазіргі **жағдайлары** аздап төмендегеніне қарамастан, **қолайлы** болып қалды. Сонымен қатар бизнес жүргізудің алдағы жағдайларына қатысты **болжамдар** жақсарды. Барлық секторда тауар **жеткізу** мерзімдерінің ұзақтығы іскерлік белсенділікті **тежейтін** фактор болып қалып отыр.

3-СЛАЙД. ҚАРЖЫ НАРЫҚТАРЫНДА ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҚ САҚТАЛУДА

2023 жылдың басынан бастап **дамыған елдердің** **акциялары** (MSCI World) **4,3%-ға өсті**. АҚШ-тың **10 жылдық** мемлекеттік бағалы қағаздарының **кірістілігі 4 базистік тармаққа көтеріліп 3,92%-ды** құрады. АҚШ долларының **индексі 1,3%-ға** нығайды.

Нысаналы инфляцияға жету болжамға қарағанда **ұзақ** болуы мүмкін екенін ескере отырып, инвесторлар **мөлшерлемелердің өсу циклінің аяқталуына** қатысты болжамдарды **қайта қарай бастады**.

Федералды резервтік жүйе, Еуропа Орталық Банкі мен Англия Банкі пайыздық мөлшерлемелерді көтеруді жалғастырып келеді. Олардың мәлімдеуінше, инфляция қарқыны төмендегеніне қарамастан, **инфляцияның** екпіні әлі **де жоғары қалпында тұр** және мөлшерлемелердің өсу циклі аяқталған жоқ.

4-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯ ҰЛТТЫҚ БАНК БОЛЖАМЫНА СӘЙКЕС ҚАЛЫПТАСУДА

Қазақстанда инфляцияның айлық динамикасы 2022 жылғы наурыз айында ең жоғары мәнге жеткен соң, біртіндеп

төмендеуде, бірақ ол ақпанда 1,3%-ға дейін аздап жеделдеді. Осылайша айлық инфляция құбылмалы болып тұр және 5 жыл ішіндегі орташа жылдық мәннен асатын деңгейді құрап отыр. Жылдық мәнде ақпан айындағы инфляция **21,3%-ға** жетті.

Ұлттық Банк ақпан айында кезекті болжамды раундты аяқтады. Жаңа деректер мен сыртқы және ішкі факторларды ескере отырып, инфляция болжамы биыл **9-12%-ға** дейін, 2024 жылы **6-8%-ға** дейін қайта қаралды, 2025 жылы өзгеріссіз – **4-6%** деңгейінде сақталды.

Геосаяси жағдайдың салдарынан және оның белгісіздігі аясында, сондай-ақ **азық-түліктің** әлемдік бағасының жоғары болуынан **сыртқы** проинфляциялық факторлар сақталуда. Инфляцияның **ішкі тәуекелдері** тұрақты ішкі **сұранысқа**, логистикалық жеткізу жолдарының қайта құрылуына және ынталандырушы **фискалдық саясат** пен жоғары **инфляциялық күтулерге** байланысты.

Уақыты жеткен реформаларды жүзеге асырған жайда **реттелетін** бағалардың өсу ықтималдығы Ұлттық Банктің болжамында ескерілмегенін атап өтемін.

Биыл **24 ақпанда** Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені **16,75%** деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады.

2023 жылғы бірінші жартыжылдықта базалық мөлшерлемені қазіргі мәнінде сақтау инфляцияны тұрақтандыруға ықпал етіп, оны орта мерзімді перспективада **таргеттелетін деңгейге** дейін біртіндеп төмендетуге

көмектеседі.

Инфляция таргеті туралы айтар болсам, инфляция таргетінің ішкі және сыртқы экономикада қалыптасып жатқан жағдайларға сәйкестігін бағалау үшін Ұлттық Банк өткен жылдың ортасынан бастап арнайы зерттеулер жүргізіп жатыр.

Биылғы 25 сәуірде Ұлттық Банк «Ақша-кредит саясатының стратегиялық мәселелері. Жаңа экономикалық жағдайдың сын-қатерлері» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өткізеді. Конференцияда Ұлттық Банктің, халықаралық ұйымдардың және академиялық қоғамдастықтың Қазақстан Республикасындағы ақша-кредит саясаты мәселелері жөніндегі зерттеулердің нәтижелері талқыланады.

5-СЛАЙД. ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ НЫҒАЮЫ

Биыл жыл басынан бастап ақпан айының соңына дейін **теңгенің** долларға қатысты **бағамы** 1 доллар үшін **445,66** теңгеге дейін **3,7%-ға нығайды**. Ұлттық Банк **валюталық интервенциялар жүргізген жоқ**.

Қаңтар-ақпан айларында квазимемлекеттік сектор субъектілерінің **748 млн доллар** сомасына **валюталық түсімді сатуы** және **Ұлттық қордан** республикалық бюджетке **трансферттерді** қамтамасыз ету үшін **818 млн доллар** мөлшерінде валюта сату теңгеге қолдау көрсетті.

Қысқа мерзімді перспективада теңге динамикасы геосаяси жағдайға, нарықтың ішкі қатысушыларының күтулеріне және әлемдік нарықтардағы жағдайға байланысты болады.

Ұлттық Банк дисбаланстардың жинақталуын болдырмайтын және алтын-валюта резервтерінің сақталуын қамтамасыз ететін икемді бағам белгілеу режимін ұстанады.

6-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР ДИНАМИКАСЫ

Жалпы халықаралық резервтер ақпан айының соңында **91,9 млрд долларды** құрады.

Ақпан айының қорытындысы бойынша, алтын-валюта резервтері алтын бағасының арзандауына байланысты **34,6 млрд долларға** дейін **2,2 млрд долларға** азайды.

Ұлттық қордың активтері ақпан айында негізгі әлемдік индекстердің төмендеуіне байланысты **57,4 млрд долларға** дейін **0,5%-ға** немесе **271 млн долларға** азайды.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке **273 млрд теңгеге** трансферт бөлу үшін ақпанда **590 млн долларға** Ұлттық қордың валюталық активтері сатылды.

7-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері жыл басынан бастап **497 млрд теңгеге** немесе **3,4%-ға** ұлғайып, ақпан соңында **15,1 трлн теңгені** құрады.

Жыл басынан бастап инвестициялық кіріс көлемі **210,4 млрд теңге**, зейнетақы жарналары – **319,9 млрд теңге**, зейнетақы төлемдері – **40,8 млрд теңге**, мерзімінен бұрын алу сомасы – **21,8 млрд теңге** болды.

118,90% жинақталған инфляция кезінде зейнетақы

активтерінің жинақталған кірістілігі шоғырландырылған сәттен бастап **118,93%-ды** құрады.

Назарларыңызға рақмет!